

Ш. Даурбаев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. Т. Тилеуканова, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАР МӘСЕЛЕСІ

Әрбір өркениетті мемлекеттің негізгі байлығы халық екендігі бүкіл әлемге мәлім. Ғасырлар бойы қазақ елінде қалыптасқан жетім бала және жесір жағдайына қатысты, ұлттық дәстүр салт бойынша асыраусыз қалған мұндай мүсәпір жандар сол рудан немесе жұрттан алыстатылмай, әмеңгерлік дәстүрмен қорғауға алынып, соңнан қалған тұяқтың және отбасының өмірі мен шаңырағы шайқалмаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Мемлекеттің басты байлығы — адам» деп жазылған. Қазірде Қазақстан халқының саны жиырма миллионға де жетпейді. Сол себепті халықтың санын көбейту, демографиялық мәселелерді шешу мемлекет алдындағы басты мәселелердің бірі болып отыр. Бірақта қоғамымызда дүниеге келген сәбидің өзге түгіл туған анасына да қажет болмай қалған жағдайында, ертеңгі болашағымыз қандай болады.

Біздің көтергіміз келіп отырғаны тастанды жетім балалар мәселесі. Сәбилер үйіне тасталған балалардың ертеңгі күні туралы нақты айту қиын. Ал шетелдік азаматтар асырап алып жатқан балалар тіптен жат жұрттық болып кетуде. Олар басқа елге барған соң, сол елдің дәстүрімен тәрбиеленеді, өзінің тілін, дінін, тіпті қазақ екенін де білу білмеуі белгісіз. Сондықтан бұл қоғам алдында тұрған өзекті мәселе.

Тастанды сәбилер үйіндегі балалардың құқықтық жағдайына келсек, бұл мәселені реттейтін нормативтік актілер бар. Бірақ солардың дұрыс орындалуын қадағалау керек. Жастардың арасында құқықтық насихат жүргізіп, ата-ана жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырған жөн. Әсіресе, қыздарды арбап кейіннен тастап кететін жігіттердің әкелік міндеттерін орындауын қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін жетілдіру қажет. Біздің менталитетімізге орай көп қыздарымыз өзінің басындағы проблемасын айтқанан көрі баланы алдырып тастау не болмаса балалар үйіне тастап кетуді жөн көреді. Сол себепті олар үшін арнайы кеңес ұйымдарын ашылса жақсы болар еді. Шетелдіктермен асырап алынған балалардың қандай жолмен тәрбиеленіп отырғаны, оларды басқа мақсаттарға пайдаланылмауын мемлекет үнемі бақылап отырса деген пікіріміз бар.